

Тақырыбы: Қоймадағы
логистикалық процесстер. Түрлері,
функциялары және қоймалардың
жіктелуі.

Орындаған: Ураз Ф.
ТФП14-003-01

Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе.

- Қоймалар деп - тауарларды қабылдауға, орналастыруға және сақтауға арналған, оларды тұтынуға және тұтынушыға жіберуге дайындау үшін арналған үйлер, ғимараттар және түрлі құрылымдарды айтамыз.

- Логистика өз алдына қойма ішіндегі үрдістерді үйлесімде ұйымдастыру мақсатын, сондай-ақ қоймаішілік үрдістерді қойманы қоршаған экономикалық ортада болып жатқан үрдістермен техникалық, технологиялық және жоспарлы - ұйымдық үйлестіру мақсатын қояды.

Логистикадағы қоймаларды топтастырудың негізгі белгілері:

- негізгі логистикалық функциялар
- делдалдарға қатысы бойынша,
- өнім мен меншік түрлері бойынша,
- функционалды бағыты бойынша,
- мамандану деңгейі бойынша,
- механизация дәрежесіне
- жүктің темір жол немесе су көлігімен жеткізілу мүмкіндігіне байланысты.

- **Өндірісте қоймаларды ұйымдық құрылымы бойынша:**

- зауыт,
- цех,
- жұмысшы учаскілер

- **сондай-ақ өнім түрлері бойынша:**

- материалды ресурстар,
- аяқталмаған өндіріс,
- дайын өнім қоймалары

- Мамандану деңгейі бойынша –
- тар мамандалған (бір немесе бірнеше өнім түрлері үшін),
- шектеулі
- кең ассортиментті қоймалар.
- Меншік түрлері бойынша:
- жеке (корпоративті),
- мемлекеттік және муниципалды кәсіпорын қоймалары,
- қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдардың,
- ассоциациялардың қоймалары және т.б.

Функционалдық мақсаты бойынша:

- өндірістік үрдісті қамтамасыз етуге арналған буферлі қорлар қоймасы (материалды ресурстар, аяқталмаған өндіріс, өндірістік, сақтандыру, мезгілді және басқа да түрлі қорлардың қоймасы);
- • аралас, үйлесімді, интермодальді және басқа да тасымалдау кезіндегі жүктерді ауыстыратын қоймалар;
- • клиенттердің ерекше талаптарына сәйкес тапсырыстарды қалыптастыруға арналған делдалдық қоймалар;
- • қоймаланатын бұйымдардың сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ететін сақтау қоймалары;
- • арнайы қоймалар (мысалы, кеден қоймалары, уақтылы, сақтау, ыдыс, қайтарымды қалдықтар және т.б. қоймалары). Қ

- Қоймалар қойма операцияларын механизациялау дәрежесі бойынша топтастырылады:
- механизацияланбаған,
- кешенді- механизацияланған,
- автоматтандырылған және автоматты.

- логистикалық үрдісте қоймалар келесі бірдей функциялар орындаумен түсіндіріледі;
- - материалды қорларды уақытша орналастыру және сақтау;
- - материалды ағымдардың қайта құрылуы;
- - қызмет көрсету жүйесінде логистикалық сервисті қамтамасыз ету.

- Кез келген қойма аз дегенде үш түрлі материалды ағымдарды өндейді:
- кіруші,
- шығушы
- ішкі.
- Кіруші ағымның болуы көліктен жүкті түсіру, келген жүктің саны мен саласын тексеру қажеттілігін білдіреді. Шығушы ағым көлікті тиеу қажеттілігін, ал ішкі - жүктің қойма ішінде орын ауыстыру қажеттілігін білдіреді.

